



«Хабар» Агенттігі» АҚ

2017 жылға

арналған жылдық есебі



Мазмұны

1. Директорлар кеңесі төрағасының сөзі	3
Басқарма Төрағасының сөзі.....	4
2. Қызмет миссиясы, мақсаттары, міндеті, бағыттары.....	5
3. Даму стратегиясы	5
4. Бизнес және қаржылық шолу	7
5. Дивидендтік саясат	18
6. Корпоративтік басқару жүйесінің негізгі ұстанымдары	18
7. Аудит жөніндегі комитет.....	21
8. Агенттіктің Басқармасы.....	21
9. Сыйақылар туралы ақпарат	23
10. Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару	23
11. Қорытынды.....	25

1. Директорлар кеңесі Төрағасының сөзі



**«Хабар» Агенттігі» АҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы
Абаев Дәурен Әскербекұлы**

Құрметті серіктестер, инвесторлар және Жылдық есептің оқырмандары!

Бүгінгі таңда отандық медиасаласына мемлекет тарапынан ақша бөлудің арқасында шетелдік контентке тәуелділік азаяды, БАҚ инфрақұрылымы дамиды, продакшн-индустрия нарығындағы бәсекелестік өседі.

Бұл тұрғыда «Хабар» Агенттігі» АҚ мемлекеттік ақпараттық саясатты ойдағыдай іске асырудың айқын үлгісі болып табылады.

Агенттік өзінің тұрақты аудиториясын тарта отырып және Даму стратегиясын іске асырып, 2017 жылы бір қатар оңтайлы нәтижелерге жете алды. Жыл ішінде Агенттіктің арналары мемлекеттік бағдарламаларды хабарлау бойынша анық жұмыс үдерісін құрды. Осы мақсатпен заманауи уақыттың ең өзекті мәселелерді көтеретін жаңа тележобалар іске қосылды, деректі фильмдер түсірілді, ірі форумдарға және іс-шараларға ақпараттық қолдау көрсетілді.

2017 жылдың наурыз айында Агенттіктің құрамында «Ел Арна» арнасы, эфирі отандық өндірісінің көркем және деректі фильмдерінен тұратын Қазақстанның алғашқы киноарнасы іске қосылды.

Динамика реализации поставленных перед Агенттік алдына қойылған міндеттерді іске асыру динамикасы жоспарлау және жобаларды іске асыру бөлігіндегі менеджментінің жоғары деңгейін көрсетеді.

Сонымен, Агенттік акционер, клиенттер, қызметкерлер мен серіктестер алдындағы барлық міндеттемелерді орындады.



**«Хабар» Агенттігі» АҚ Басқарма
Төрағасы
Әжібаев Алан Ғазизұлы**

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

2017 жылы «Хабар» Агенттігі» АҚ Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің жалғыз акционері бекіткен 5-жылдық Даму стратегиясының іске асыруын жалғастырды. Осы Стратегия аясында «Хабар» Агенттігі» АҚ (бұдан әрі - Агенттік) телеотбасына кіретін Агенттік телеарналарының хабар тарату саясаты, сондай-ақ ұйымның бір қатар бизнес-процестері түзетілді. Өз кезегінде, бұл Агенттік қызметін оңтайландыруға, телеарналардың контентін күшейтуге және жұмыс тиімділігін ұлғайтуға көмектеседі.

Агенттік 2017 жылғы нәтижелері бойынша барлық негізгі стратегиялық көрсеткіштерден өсімге қол жеткізді және жылды оң қаржылық жетістіктермен аяқтады.

2. Қызмет миссиясы, мақсаттары, міндеттері және бағыттары

«Хабар» Агенттігі» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Агенттік) бұқаралық ақпарат құралдары саласында өз қызметін жүзеге асырады. Агенттіктің қызмет ету мәні телевизиялық хабар тарату болып табылады.

Агенттік акцияларының мемлекеттік дәстесін пайдалану және иелену құқығы Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігіне тиеселі.

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Агенттік акцияларының мемлекеттік дәстесін пайдалану және иелену құқығын жүзеге асыра отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысы құзыретіне жататын мәселелер бойынша акционер ретінде мемлекеттің мүдделерін білдіреді.

Агенттіктің миссиясы: хабарландыру, біріктіру және жаңа қоғам құру

Агенттік өз қызметінде оқиғалар туралы сапалы, қол жетімді, объективті айта отырып, билік пен қоғам арасында кері байланыс жүйесін құра отырып, аудиторияның ақпараттық мұқтаждықтарын қанағаттандыруға тырысады. Ең маңызды құндылықтар мен мемлекеттік бағдарламаларды тиімді ақпараттық жылжыту халықтың мүдделеріне қызмет етеді, билікке деген сенімді көтереді, жетістікті елдің жаңа Агенттігін қалыптастыруға көмектеседі.

3. Даму стратегиясы

Агенттік өз миссиясын орындау және талап етілетін нәтижелерге жету аясында Агенттіктің 2017-2021 жылдарға арналған Даму стратегиясында бекітілген стратегиялық мақсаттарды іске асыру ұйғарылады.

Агенттік тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін келесі стратегиялық мақсаттарға екпін жасайды:

- 1) Агенттіктің өлшенетін телеарналарының телевизиялық көру үлесі көрсеткіштерінің нысаналы мәндеріне жету;
- 2) Агенттіктің арналарын дәріптеу;
- 3) Агенттік телеарналарына сенім арту деңгейін өсіру;
- 4) 10 әйгілі хабарлар үздігі арасында болу;
- 5) Агенттік телеарнасының сайты ТОП 20 рейтингіне жету.

Осы мақсатта, Агенттік:

1) классикалық желілік телевизияны көрудің абсолюттік көлемдері азайғанына қарамастан, отандық аудиториямен медиа тұтыну құрылымы мен әдеттері өзгеру тұрғысында, сондай ақ қазақстандық телеарналар нарығындағы телевизияны көрудің жалпы құрылымында отандық телеарналардың салмақты үлесі азаю аясында, Агенттіктің өлшенетін телеарналары елдегі жалпы телевизияны көру көлемінен қажетті үлесін сақтай алды;

2) республика халқының ұнатқанын анықтау, Агенттіктің телеарналарына деген халықтың сенім арту деңгейін зерделеу мақсатында, телефондық сұрастыру әдісімен социологиялық зерттеулер өткізілді, оның нәтижелері бойынша респонденттерге қызықты телеарналар мен оларды таңдау себептері анықталды.

2017 жылы «Халықтың ең танымал телеарнасы» көрсеткіші бойынша «Хабар» телеарнасы төрт ең танымал телеарна тізіміне кірді;

3) 2017 жылғы «Халықтың телеарнаға/жаңалықтарға сенім арту деңгейі» көрсеткіші бойынша мақсатты индикатор ТОП 4 анықталды. Социологиялық зерттеулердің деректеріне сәйкес 2017 жылы Агенттіктің телеарналарына сенім арту деңгейі бойынша көрсеткішке қол жетілді - сенім арту деңгейі бойынша «Хабар және Хабар 24» телеарналары ТОП 4 кірді;

4) Агенттік тележобаларының біреуі 2017 жылға белгіленген ТОП 10 ең танымал телебағдарламалар үздіктері арасына кіру бойынша көрсеткішке де қол жеткізілді. «Хабар 24» телеарнасының ақпараттық-талдама бағдарламалары ТОП 10 ең танымал бағдарламалар үздігі болып танылды.

5) 2017 жылы Агенттік телеарнасы сайтының рейтингі бойынша - ТОП 20 нысаналы мәнге қол жеткізілді. 2017 жылдың нәтижелері бойынша khabar.kz сайты «Жаңалықтар. БАҚ» санатында 18 орынға ие болды.

Даму стратегиясы қойған міндеттерді іске асыру мақсатында, Агенттіктің В целях реализации поставленных Стратегией развития задач, Планом развития Агентства на 2017-2021 жылдарға арналған Даму жоспары дамудың негізгі көрсеткіштерін белгіледі, олар қызметтің жоспарлы жыл сайынғы нәтижелерін көрсетеді.

Бұл ретте, Агенттік 2018 жылы өз күш-жігерін шоғырландырып, өткізілген талдау үдерісінде анықталған басым бағыттарына екпін жасай отырып, телевизиялық бизнестің мәні болып табылатын жобаларды дамытады.

Агенттік өзгеру аясында Стратегияда белгіленген өнім сапасын жақсарту, негізгі тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыра отырып, сондай ақ «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында, Агенттіктің қызметі цифрлы контент пайдалануды дамытуға бағытталған.

Агенттік жалпы дүниежүзілік трендтерге сәйкес диджитал (цифрлы) маркетинг дамытудың кешенді әдістемесін қолданады, ол кеңірек аудитория қамтуға қол жеткізеді. Агенттік әлемдік телеарналарда белсенді қолданылатын озат технологияларды да пайдаланады.

2018 жылы Агенттік Даму стратегиясында баяндалған мақсаттарға жету бойынша жұмысты жалғасады, оның ішінде Агенттіктің телеотбасына кіретін телеарналардың қызмет тиімділігін жақсарту, корпоративтік басқаруды жаңа үлгіге көшірту, қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізу.

4. Бизнес және қаржылық шолу

Агенттік қызметі тиімділігінің нысаналы индикаторы Агенттіктің жалғыз акционері мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу бойынша мемлекет тапсырыс шартының аясында белгіленген тікелей және түпкілікті нәтижелерге жету болып табылады. Оның ішінде: мемлекеттік телевизиялық арналардың орта тәуліктік хабар тарату көлемдерін қамтамасыз ету, өз өндірісіндегі өнім үлесі, бағдарламалардың тақырыптық толтыру және т.б. индикаторлар.

Түпкілікті нәтижеге жету аясында Агенттік ел халқына мемлекеттік ақпараттық саясатты жеткізу мақсатында 100% мемлекеттік телевизиялық арналардың орта тәуліктік хабар тарату көлемдерін қамтамасыз етті.

2017 жылда мемлекеттік тапсырысты іске асырудың тікелей нәтижелері де қол жеткізілді: телевизиялық бағдарламалардың жылдық хабар тарату көлемі, телеарналардың жалпы хабар тарату кестесіндегі меншікті өндіріс өнімінің үлесі бойынша көлемі 100%ға қамтамасыз етілді.



Телеарнаның миссиясы: бүгінгіні талқылап, болашақты құраймыз

2017 жылы Елбасының «Қоғамдық санасын жаңғырту» бағдарламалық мақаласын хабарлау аясында, «Хабар» телеарнасында жаңа телевизиялық жобалар: «Символы нашей Родины», «Менің арманым» атты реалити-шоу, «Алтын бесік», «Рожденные вдохновляют» атты бағдарламалар жіберілді.

Арнайы деректі жобаларды өндіру бойынша жұмыс жүргізілді, атап айтқанда: «Щит нации», «Жаңғыру жолы. Жаңа тұрпат», «Глобальные вызовы» деректі фильмдер топтамасы, олардың әрқайсысы заманауи әлемнің жаңа құбылыстарына және қауіптеріне арналады: энергетика, терроризм, рухани құндылықтарды жоғалту. Мерекелік күндерге орайластырылған арнайы жобалар түсіріліп, эфирге шықты: «Миссия миротворца», «Миссия миротворца: кыргызский разлом», олар Елбасының бітімгерлік қызметтің көшбасшысы ретінде рөлін айқындайды. Бұдан басқа, «Бағаналы бақорда», «От мечты к реальности» және басқа да фильмдер түсіріліп, эфирге шықты.

2017 жылдың ішінде телеарна эфирінде ірі халықаралық және жергілікті іс шаралардың трансляциясы да жүзеге асырылды, оның ішінде EXPO 2017 Дүниежүзілік көрмесі, Алматыдағы қысқы Универсиада, «ACADEMY AWARDS 2017» Оскар 2017 сыйақыларын беру салтанаты, «Евровидение-2017» халықаралық ән байқауы, Евразиялық Медиа Форум, Астаналық Экономикалық Форум және басқалар сияқты ірі іс шаралар мен форумдарға ақпараттық қолдау көрсетілді.

2017 жыл ішінде отбасылық аудиторияға арналған контентті өндіру бойынша белсенді жұмыс жалғасты. «Народный контроль»/«Біздің назарда», «Давайте говорить», «Ана мен бала», «Білім» атты ток-шоу, «Тағдыр тартысы», «Көңіл толқыңы», «Өзін-өзі тану»/«Самопознание», «Әңгіменің ашығы»/«Золотая середина» атты деректі драмалар сияқты қоғамға маңызды тақырыптарға әлеуметтік мәнді бағдарламаларға негізгі екпін жасалды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру мақсатында тамыз айында «Сана» деген қазақ және орыс тіліндегі жаңа жоба шығарылды.

2017 жылдың қыркүйек айынан бастап «Итоги дня» атты сағат 19.00де мемлекеттік тілде және сағат 21.00де орыс тіліндегі кешкі қорытынды

бағдарламадан басқа, жаңалықтардың шығарылымдары ұлғайтылды, сағат 8.00, 09.00, 12.00 және 13.00де басталатын жаңалықтар шығаралымдары жіберілді.

Мақсатты аудиторияның көркем фильмдерге, музыкалық және ойын сауық бағдарламаларға жоғарылатылған сұранысын ескере отырып, 2017 жылы «So you think you can dance» - «Биле, Қазақстан» би шоуы форматындағы 2-нші маусымы жіберілді, сондай ақ «Кто возьмет миллион?» атты зияткерлік викторина да қайта жіберілді.

Мемлекеттік ақпараттық саясатты республикалық деңгейде өткізу бойынша мемлекеттік тапсырысты орындау аясында 2017 жылы Агенттік жалпы 189 серия санымен 14 әртүрлі жанрдағы телевизиялық сериалды өндірді.

Телеарна жұмысында жаңа бағытты енгізу де болды - халықаралық форматтағы сериалдарды өндіру. Мәселен, «Женский доктор» сериалының украиндық форматы бойынша «Абзал жан» сериалы, арнаның жұмысына осындай тәжірибені өндіру серіктестерге басқа жағынан өндіріске қарауға, анық тексерілген сценарий бойынша жұмыс істеуге, телевизиялық өнімді шығарған кезде халықаралық стандарттарға сүйенуге қол жеткізді. Бұдан гөрі, осындай тәжірибе Агенттікті сериалдық өндірістің әлем нарығына тартуға көмектеседі. «Өгей жүрек» сериалы «Abu prizes» Азия –Тыныс мұхиттік хабар тарату одағының (ABU) халықаралық байқауында қазылар алқасының арнайы сыйлығын алды.

«Хабар» телеарнасының сериалдары мен бағдарламалары Монголияда, Ресееде, Қытайда сатылды. «Хабар» телеарнасының контентін сату бойынша дистрибьютерлік келісім «Silver wolf» ірі азия компанияларының біреуімен (Сингапур) жасалды.

Көрермендердің қазақстандық сериалдарға деген қызығушылығы Интернетте байқалады. 2017 жылы году «Хабар» ресми арнасының ең көп қаралатын отандық сериалдардың Youtube үздіктері болып, «Қария» және «Мезгілсіз махаббат» жобалары танылды, олар отбасылық қарым қатынастар мен үлкендерге құрмет ету маңыздылығын көрсетеді.



Телеарнаның миссиясы: бірінші болып, ақпарат хабарлаймыз.

Арнаның жобалары мемлекеттік бағдарламалар мен бастамаларды іске асыру туралы қазақстандықтарды жедел және жан жақтан ақпараттандыруға бағытталған.

«Хабар 24» телеарнасы үшін 2017 жылда негізгі оқиға ретінде төмендегілер болып табылады:

1) жаңалықтар бағдарламаларын тікелей эфирде беру процесін оңтайландыруға қол жеткізген роботтандырылған студияны іске қосу;

2) сағаттық тілдік слоттарға ауысумен хабар таратудың жаңа кестесін іске қосу, сондай ақ контенттің тақырыптық бағыттары мен мәнді жүктемесі бойынша блоктарды саралап бөлу;

3) жаңа якорлық жобалар арқасында контентті ішінара жаңарту, жаңалықтар блоктарын сегменттерге бөлу, бар бағдарламалардың бөклігін қайта форматтау, жаңалықтар арасындағы және бағдарламааралық фондық контентті енгізу;

4) талдамалы бағдарламаларды ұлғайту және экономикалық блокты күшейту арқасында кешкі прайм-таймды күшейту;

5) тікелей эфирлерді ұйымдастыру, Астана қаласында - 991 және өңірлерде – 287;

6) 2017 жылдың ішінде «Хабар 24» арнасының эфирінде 37279 түпнұсқалық жаңалықтар материалын шығару;

7) Орталық коммуникациялар қызметінің 184 брифингі, Қазақстан Республикасы Үкіметінің баспасөз орталығының алыңынан 60 брифингтің хабарын тарату мен эфирге беруді ұйымдастыру;

8) APTN әлемдік ақпараттық агенттігімен серіктес құра отырып, әлем елдерінен тікелей қосылыстар жасалды;

9) Өзбекстан Республикасының Ташкент қаласында меншікті тілшілер қосыны ашылды, сондай ақ фрилансерлердің тілшілер желісі де кеңейтілді.



Телеарнаның миссиясы: Әлемге Қазақстанды ашу!

2017 жылы «Kazakh TV» арнасы отандық телевизияда алғашқы рет қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде көп арналы дыбыстық сүйемелдеумен хабар тарату жобасын іске асырды, оның арқасында цифрлы телевизияның абоненті болып табылатын әр телекөерермен артық көретін тілді өз бетімен таңдап, таңдалған тілде арнаның контентін көре алады. 2017 жылы «Kazakh TV» арнасы таяу шетелдің елдерін арна контентімен қамтып аудиторияны кеңейту мақсатында тағы да 2 дыбыстық жолды қосу бойынша жұмыс бастады.



Халықаралық ынтымақтастықты кеңейту жұмысы да жалғасуда. KBS (Korean Broadcasting System) – Корея Республикасының мемлекеттік телевизиясымен, CCTV Қытайдың Орталық телевизиясымен, «АҚОА» Әзербайжанның кәбілдік операторлар қауымдастығымен, Беларусияның мемлекеттік телевизиясы және радиосымен (Белтелерадиокомпания), Польшаның Орталық телевизиясымен (TVP Polska) жасалған келісімдерге қол қойылды. Осы келісімдер шеңберінде ақпараттық қолдау және телевизиялық контентпен алмасу жүргізілуде.

2017 жылы Қытай Халық Республикасының CCTV+ ақпараттық агенттігі мен «One Belt TV» жаңалықтар бейнеагенттігімен ынтымақтастық туралы келісімге қол қою бойынша жұмыс басталды.

Агенттік Азия Тыныс мұхиттық хабар тарату одағының мүшесі және Еуропалық хабар тарату одағының қауымдастырылған мүшесі болып табылатынын ескере отырып, барлық бағыттары бойынша халықаралық ынтымақтастықты кеңейту бойынша жұмыс жүргізілуде.

2017 жылы HD форматтағы арнаның онлайн хабарлауы де жіберілді, арна шетелдегі кәбілдік телевизияның 100-ден астам оператор желісіне кірді.

Телеарна жұмыс істейтін негізгі тақырыптық бағыттар Қазақстанның инвестициялық қызметі, елдің туристік тартымдылығы, сондай-ақ қазақтардың және түркі халықтарының мәдениеті, тарихы мен мұрасы туралы бағдарламалардың үлкен блогы болып табылады. 2017 жылы Орталық Азия мен ТМД елдеріне арналған халықаралық жобалар «Trails of Nomads» (Бабалар ізімен), «Treasures of the Nation» (Сокровище нации), «Companions» (Компаньоны), «Pride» (Наши) іске асырылды. Арнаның бағдарламалар кестесінде көшпелі өркениеттің тарихы мен мәдениеті туралы көсемсөздік және деректі жобаларға, Қазақстанның салттық жерлері мен музыкалық мұрасы туралы жобаларға үлкен рөл бөлінеді.

Арнаның эфиріне кіретін телебағдарламалар бірқатар ұлттық және халықаралық шығармашылық байқаулардың қазылар алқасымен танылып атап өтілді. Мәселен, «Sky» австралиялық арнасы «Invite me» бағдарламасының негізінде Қазақстандағы туризм дамытуға бірнеше бағдарлама шығарылымдарын арнады. «Spirit of the Wild» және «Travel Hunters» бағдарламаларын көрсетуге құқықтарды Ресей Федерациясының телекомпаниялары да сатып алды.

Арнаның эфиріне 60-тан астам циклды телевизиялық жоба шығады, контенті тұрақты түрде жаңартылып, жаңа бағдарламалармен толықтырылады.



Телеарнаның миссиясы: Елдің кино-кітапханасын ашамыз.

«Ел арна» телеарнасы 2017 жылғы 27 наурызда эфирге қосылды. Арнаның хабар тарату саясаты қоғамның рухани-адамгершілік әлеуетін жаңартуға, халықтың рухани мұрасын және отансүйгіштікке жас ұрпақты тәрбиелеуді қолдауға, мұрағаттағы және қордағы мәдени-ағартушылық, тарихи деректі, көркем фильмдер мен бағдарламаларын трансляциялауға бағытталған. Тақырыптық бағытты ескере отырып, 2017 жылдың ішінде арнаның эфирінде 192 көркем фильм, 103 деректі фильм, 50 сериал көрсетілді.

Эфирге шығудың бірінші күнінен бастап арнаның қызметі отандық киноны насихаттауға бағытталған. Толық метр түге эфирлік уақыттың 80 пайызын заманауи фильмдер, «киноның алтын қоры» сериясынан таспалар, халықаралық кинофестивальдердің жүлдегерлері мен фильмдер-қатысушылар құрайды.

«Деректі кино» жанры толық көлемде тек «Ел арна» арнасында ұсынылады және барлық өмір тұстарын қамтиды. Арнаның жобалары көрермендерге елдің бай тарихының куәгері болуға көмектеседі. Деректі топтамалардың қатарындағы негізгі орынға ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар туралы, елдің бай фольклордық мұрасы туралы, жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет туралы жобалар ие болады. Бұдан басқа, тұрақты түрде эфирге елдің туристік әлеуеті туралы бағдарламалар жіберіледі.

2017 жылы арна елдің екі ірі кинофестиваль: «Еуразия» халықаралық кинофестивалінің және «Байқоңыр» қысқа метражды фильмдердің республикалық кинофестивалінің басты ақпараттық серіктестігі болды, было налажено сотрудничество с АО «Қазақфильм» АҚ, жеке кинокомпаниялармен, бейінді Жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық құрылды.

2017 жылы телекөрермендердің аудиториясын кеңейту мақсатында әлеуметтік желілердегі және Интернеттегі жұмыс белсендірілді және елеулі түрде күшейтілді.

Агенттік сайттары бойынша 2017 жылғы деректер - Google Analytics

Пара метрлер	Пайдаланушылар			Беттерді қарау			Қаралған беттердің орташа саны		
	Сайт	2016	2017	рост	2016	2017	рост	2016	2017
Khabar.kz	3 454 267	4 806 051	39,13 %	15 576 544	30 154 624	93,59 %	2,06	3,39	65,02 %
24.kz	2 758 817	4 045 939	46,65 %	14 515 017	25 784 071	77,64 %	1,85	3	62,19 %
Kazakh-tv.kz	1 583 428	1 621 224	2,39 %	5 142 179	10 021 185	94,88 %	2,61	3,11	18,95 %

Жаңа кірушілердің және қайтып кірушілердің арақатынасы



2017 жылы «Хабар» арнасының эфирінде аудиторияның қызығушылығын тартып алған көптеген жаңа жобалар мен телесериалдар шықты, олардың бір бөлігі **Khabar.kz** сайтына жүктелген болатын, бұл кірушілер санын өсіртті, сондықтан да беттерді қарау санын да ұлғайтты.

24.kz сайтында да кірушілер мен беттерді қарау саны өсу байқалады. Бұл хабарландыру жіберудің жаңа жүйесін енгізумен, жұмыс форматын өзгертумен, материалдар санын ұлғайтумен шартталған, негізгі сөздер мен тег бойынша деректер жаңартылды (жаңа тегтер қосылды), SEO-оңтайландыру өткізілді.

Kazakh-tv.kz сайты Google News қосылды, сайт коды оңтайландырылды, іздестіру жүйелерге де оңтайландыру жүргізілді, жаңа тегтер, негізгі сөздер қосылды, сайттың редизайны жүргізілді.

2017 жылы Агенттік тек интернет-аудиторияға арналған меншікті контенттің өндіріп шығарды.

2017 жылы ішінде Агенттіктің телеарналары ең маңызды іс шараларды ақпараттық сүйемелдеу бойынша үлкен жұмыс атқарғаны үшін, халыққа дейін ел тіршілігінің барлық мәселелерден ақпаратты жедел жеткізгені үшін 2017 жыл нәтижелері бойынша «Хабар 24» телеарнасы Қазақстан Республикасы Президентінің алғысын алды.

Сондай-ақ «Хабар 24» арнасы «Жылдың ең үздік ақпараттық арнасы» болып танылды, арнаға «Қоғамдық құрмет-2017» сыйақысы берілді, сонымен бірге ТЮРКСОЙ ұйымынан халықаралық сыйақыны да алды, «Арнайы репортаж» номинациясы бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің «Парламент сөзі» атты бірінші сыйақы мен диплом иегері болды.

Қаржылық шолу

Агенттіктің стратегиялық мақсаттарына жету үшін қаржылық менеджментті жетілдіруге ерекше назар аударылады. Басқару шешімдерін қабылдау үшін қажетті ақпаратты алу мақсатында Агенттік қызметінің әртүрлі тұстарын сипаттайтын қаржылық көрсеткіштерді бағалау тұрақты түрде жүргізіледі.

Кесте Қоғамның қаржылық көрсеткіштері

Көрсеткіштердің атауы	Min	Max	2017 г.
Ағымдағы активтердің жалпы сомасындағы қаражат үлесі, %	50	84	78,21
Қаржылық тұрақтылық коэффициенті	0,8	0,93	0,89
Қаржылық тәуелсіздік коэффициенті	0,5	0,92	0,88
Салықтарды төлегеннен кейінгі кіріс, мың теңге	40 000	57 150	115 089
Пайдалылық коэффициенті (ROA)	0,13	0,59	0,05
Таза кірістің түсімге қарай қатынасы	0,3	0,43	0,04
Шығындардың жалпы сомасындағы әкімшілік шығындардың үлесі, %	4	4,3	3,90

Ағымдағы төлеу қабілеттігі Агенттіктің қаржылық жағдайының маңызды сипаттамаларының біреуі болып табылады және қысқа мерзімді міндеттерді уақытылы толық көлемде орындауға мүмкіндік береді. Төлеу қабілеттігін бағалау нәтижесінде 2017 жылы ағымдағы активтердің жалпы сомасында қаражат үлесі 78,21% деңгейде болды және 2016 жылымен салыстырғанда 2,96% ұлғайды.

Жоғарыда кестеде ұсынылған пассивтер құрылымындағы меншікті капиталдың жоғары үлесі көрсеткішіне негізделі отырып, 2017 жылы Агенттіктің қаржылық тұрақтылығының және қаржылық тәуелсіздігінің жоғары деңгейі сақталады. Олар бойынша коэффициенттер 2017 жылы 0,89 және 0,88 құрады.

Агенттік қызметі нәтижесінің көрсеткіші алатын кіріс болып табылады. 2017 жылы кіріс 115 089 687,21 теңге (бір жүз он бес миллион сексен тоғыз мың алты жүз сексен жеті) теңге, 21 тиынды құрады және 2016жылғы көрсеткішпен салыстырғанда, 70% өсті. Жыл ішіндегі кіріс өсімі 2017 жылы өткізілген Агенттіктің негізгі қорларын қайта бағалау бойынша ұйымдастыру іс шараларымен байланысты.

Агенттіктің кірісінің салық салу дейінгі активтерге қарай қатынасу нәтижесі немесе 2017 жылғы активтерінің пайдалылығының коэффициенті 0,05 деңгейде болады, 2016 жылда 0,00 болған.

Агенттік қызметінің кірісін бағалау 2017 жылы 0,04 құраған түсімге қарай таза кіріс қатынасымен белгіленеді.

Агенттіктің әкімшілік шығындарының үлесі 2017 жылғы жалпы шығындар сомасында 3,9% құрады, 2017 жылы әкімшілік шығындар бойынша шекті мәннің рұқсат етілген шегінен аспады.

2017 жылғы 31 желтоқсан жағдайы бойынша таза активтердің мөлшері де ұлғайды және 8 257 353 420,08 (сегіз миллиард екі жүз елу жеті миллион үш жүз елу үш мың төрт жүз жиырма) теңге, 08 тиынды құрады.

2017 жылдың ішінде Агенттіктің қызметін құқықтық камтамасыз ету бойынша жұмыс жалғастырылды, оны растамасы ретінде Агенттіктің қаржылық көрсеткіштеріне және жалпы қызметіне жағымсыз әсер ете алатын үшінші тұлғалардың Агенттікке талап қоятын материалдық зиян жоқтығы болып табылады. Барлық мәмілелерді, оның ішінде ірі мәмілелерді Агенттік республика заңнамасының талаптарына сәйкес жасайды. Заңның 68 бабының талаптарына сәйкес Агенттік ақпарат саласындағы уәкілетті органмен ірі мәміле жасады – мемлекеттік ақпараттық саясатты республикалық деңгейде электрондық бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жүргізу бойынша мемлекеттік тапсырысты орындауға шарт жасалған болатын, үлестес тұлғалармен 18 шарт жасалды.

Агенттік мүдделерін қорғау мақсатында 2017 жылы сотқа 26 талап іс өтініштері жіберілді, контрагенттерге келтірілген шығынды өтеу, келісімшарттық міндеттемелерді тиісті орындау талаптарымен 101 рет сотқа дейінгі наразылық пен експертпелер жөнелтілді.

Ішкі нормативтік (жергілікті) актілерін әрі қарай жетілдіруге назар аударылды. Агенттіктің қызметін ұйымдастыру мақсатында барлық ішкі құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қабылданды. 2017 жылғы 31 желтоқсан жағдайына қарай Агенттікте 93 ішкі құжат қолданыста болды.

Тауар белгілеріне, айырмашылық белгілеріне мүліктік құқықтарды қорғау мақсатында 2017 жылы «Ел арна» және «Kazakh TV» арналарының тауар белгілерін мемлекеттік тіркеу өткізілді.

Ішкі және сыртқы ортадағы жағдайдың өзгеруі Агенттікте қызметкерлерді басқару әдістерін және жаңа тәсілдерін енгізуге әкелді. Заманауи басқару жүйесі де қызметкерлерді ынталандыруға, оларды барлық өндірістік процестің салаларына тартуға қажет. Сондықтан, 2017 жылы Агенттікте телеиндустриядағы жалақы нарығын талдау және қызмет нәтижелілігінің көрсеткіштері бойынша қызметкерлердің лауазымдық ақыларын өсіртуге мүмкіндік беретін грейдерлирлеу және еңбекке ақы төлеу жүйесін енгізу бойынша ұйымдастыру–дайындық жұмыстары жүргізілді. Грейдирлеу жүйесін енгізу аясында тиісті ішкі құжаттар бекітілді, оның ішінде лауазымдық ақыларды белгілеу тәртібі бойынша.

Агенттіктің қажеттіліктеріне сәйкес персоналдың сапалы құрамын және санын сақтау және жаңарту үдерістерінің оңтайлы теңгерімін қамтамасыз ету кадрлық саясаттың негізі болып табылады. Осыған орай, Агенттіктің кадрлық саясат аясында біліктілікті көтеру курстарын тұрақты түрде өту арқылы әр қызметкерге кәсіпқой даму мүмкіндіктерін береді. Мәселен, 2017 жылы 116 біліктілікті көтеру курсы өткізілді, оларға 968 адам қатысты. 2016 жылмен салыстырғанда, біліктілікті көтеруді өткен қызметкерлер саны 1,5 есе рет ұлғайды.

Бұдан басқа, Агенттік 2017 жылы Агенттіктің серіктестері-халықаралық ұйымдарда қызметкерлердің тағылымдамаларын және тәжірибемен алмасуды ұйымдастыру бойынша жұмыс жалғастырды. Агенттіктің 90-нан астам қызметкері 2017 жылы Euronews, France24, TRT, AIBD сияқты ұйымдарда тағылымдамалардан өтті.

5. Дивидендтік саясат

Дивидендтік саясат корпоративтік басқарудың маңызды элементі, оның акционерлердің құқықтарын компания сақтайтынның негізгі көрсеткіші болып табылады.

Агенттікте Дивидендтік саясат туралы қағида бекітілді және әрекет етуде, ол акционерге дивидендтерді бөлу және беру мөлшерін анықтау бойынша айқын, түсінікті және қол жетімді механизмін белгілеу, Агенттіктің акционеріне дивидендтерді төлеу тәртібі мен шарттарының болуы жөнінде нақты түсінігін қалыптастыру үшін толық ақпаратты беру мақсатында әзірленді.

2017 жыл нәтижелері бойынша жалғыз года на основании решения единственного акционердің шешімі негізінде Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасына сәйкес дивидендтер төленді.

6. Корпоративтік басқару жүйесінің негізгі ұстанымдары

Агенттіктің корпоративтік басқару жүйесі Қоғам қызметіне бақылау жасауды, басқаруды және жалғыз акционер, Директорлар кеңесі, Басқарма, Жалғыз акционердің мүддесінде басқа мүдделі тұлғалармен өзара қарым қатынасты қамтиды.

Агенттіктің корпоративтік басқаруы әділдік, адалдық, жауапкершілік, айқындылық, кәсіпқойлық пен құзыреттілік негіздерінде құрылады, бұл Корпоративтік басқару кодексінде көрсетілді.

«Хабар» Агенттігі» АҚ 2017 жылғы корпоративтік басқару құрылымы



Агенттіктің Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесі Агенттіктің басқару органы болып табылады, ол Агенттік қызметіне басшылық және бақылау жасайтын жалғыз акционерге есеп береді.

Директорлар кеңесінің негізгі міндеттері:

- Қоғамның басым қызмет бағыттарын және Агенттіктің даму стратегиясын анықтау;
- жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын(сатылатын) акциялар саны туралы, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- Қоғаммен орналастырылған акцияларды немесе басқа құнды қағаздарды және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- Қоғамның құнды қағаздарының туындыларын және облигацияларын шығару шарттарын белгілеу және оларды шығару туралы шешім қабылдау;
- Басқарма туралы қағиданы бекіту;

- Директорлар кеңесінің комитеттерін құру, олар туралы қағидаларды бекіту және комитеттердің мүшелерін сайлау;

- қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйым қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін белгілеу, Агенттік акцияларын төлеу үшін берілген немесе ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтың құнын бағалау бойынша бағалаушы қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін белгілеу;

- Басқарма ұсынған Агенттіктің даму жоспарларын, агенттіктің қаржылық-шаруашылық қызметінің жылдық жоспарларын (бюджеттерін), оларды орындау туралы есептерді бекіту;

- Агенттікпен басқа заңды тұлғалардың акцияларын (жарғылық капиталда қатысу үлестерін) сатып алу (иелігінен шығару) шешімін қабылдау және олардың қызметі бойынша шешімдерді қабылдау;

- Агенттік мүдделі мәмілелерді және ірі мәмілелерді жасасу туралы шешімді қабылдау, осы Жарғымен көзделген жағдайларды қоспағанда;

- Жылдық есепті бекіту және т.б.

Агенттіктің Директорлар кеңесі жеті директордан тұрады. Директорлар кеңесінің мүшелері мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша жалғыз акционермен сайланады.

Директорлар кеңесінің құрамы

2017 жылғы 01 қаңтардан бастап 2017 жылғы 28 тамызға дейін

Абаев Дәурен Әскербекұлы, Директорлар кеңесінің төрағасы

Утепов Эдуард Карлович, Директорлар кеңесінің мүшесі

Наширали Елдос Бигелдіұлы, Директорлар кеңесінің мүшесі

Ахметжанова Алмагүл Ауғалиқызы, Директорлар кеңесінің мүшесі

Загоскина Зинаида Петровна, тәуелсіз директор

Мусаходжаева Айман Қожабекқызы, тәуелсіз директор

Майкл Питерс, тәуелсіз директор.

Директорлар кеңесінің құрамы

2017 жылғы 28 тамыздан бастап 31 желтоқсанға дейін

Абаев Дәурен Әскербекұлы, Директорлар кеңесінің төрағасы

Ибрайымов Қалымжан Уәлиханұлы, Директорлар кеңесінің мүшесі

Наширали Елдос Бигелдіұлы, Директорлар кеңесінің мүшесі
Ахметжанова Алмагүл Ауғалиқызы, Директорлар кеңесінің мүшесі
Загоскина Зинаида Петровна, тәуелсіз директор
Мусаходжаева Айман Қожабекқызы, тәуелсіз директор
Майкл Питерс, тәуелсіз директор.

Директорлар кеңесінің отырыстары 2017 жылы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және белгіленген рәсімдерді сақтай отырып өткізілді.

Есеп беру кезеңінде Директорлар кеңесінің 9 отырысы өткізілді, олардың 7 отырысы бетпе бет тәртібінде, 2 отырыс сырттай дауыс беру арқылы өткізілді. Отырыстарда әртүрлі сипаттағы 52 мәселе қаралды, оның ішінде Агенттік қызметін реттейтін мәселелер қарастырылды.

7. Аудит жөніндегі комитет

Агенттіктің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 3 мамырдағы шешімімен Директорлар кеңесі жанындағы Аудит жөніндегі комитет құрылды, Комитет туралы қағида бекітілді. Аудит жөніндегі комитеттің төрайымы ретінде тәуелсіз директор Загоскина Зинаида Петровна болып сайланды. Аудит жөніндегі комитеттің мүшелері ретінде Директорлар кеңесінің шешімімен А.К. Мусаходжаева, Е.Б.Наширали сайланды.

Аудит жөніндегі комитеттің қағиадасына сәйкес ол Директорлар кеңесінің кеңесші органы болып табылады, Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылау жасау және корпоративтік басқару тиімділігін көтеру мәселелерін алдын ала қарау бөлігінде Директорлар кеңесінің функцияларын тиімді орындауға қолдау көрсету мақсатында құрылды.

8. Агенттіктің Басқармасы

Агенттіктің Басқармасы Директорлар кеңесіне есеп беретін Агенттіктің атқарушы органы болып табылады және Агенттіктің ағымдағы қызметіне басшылық етеді.

Басқарманың негізгі құзыреттіліктері Агенттіктің Жарғысында және Басқарма туралы қағидасында белгіленген.

2017 жылы Агенттік Басқармасының мүшелері Басқарма Төрайымы А.А.Ахметжанова; Басқарма Төрайымының орынбасары Р.Д. Кертаев; 2017

жылғы 20 ақпаннан бастап Басқарма Төрайымының орынбасары Ж.Қ. Сабдыкеева; 2017 жылғы 28 наурыздан бастап басқарушы директор Т.Т.Тлешов; алматы филиалының директоры С.В. Федорова.

Өкілеттіктер мерзімі аяқталғанына орай, 2017 жылғы 27 маусымнан бастап Басқарма мүшесі С.В. Федорованың өкілеттіктері тоқтатылды. Сонымен, 2018 жылғы 1 қаңтардың жағдайына қарай Агенттік Басқармасының құрамына А.А. Ахметжанова, Р.Д. Кертаев, Ж.Қ.Сабдыкеева, Т.Т.Тлешов кірген болатын.

Ағымдағы қызметті қамтамасыз ету үшін акционерлік қоғамдар туралы заңнама талаптарына сәйкес, сондай ақ Агенттік жарғысына, 2017 жылға арналған Басқарма жұмыс жоспарына сәйкес тұрақты негізде Басқарманың отырыстары өткізілді, бұнда оның қызметіне қатысы бар барлық мәселелер қаралды. Агенттік Басқармасының барлық шешімдері хаттамаларда көрсетілді және заңнамамен белгіленген тәртіпте ресімделді.

Барлығы 2017 жылы ішінде Басқарманың 25 отырысы өткізілді, олардың ішінде 24 отырысы бетпе бет нысанымен және бір отырыс сырттай өткізілді. Басқарманың отырыстарында Агенттіктің қызметін ұйымдастыруға қатысты 90 мәселе қарастырылды, оның ішінде Директорлар кеңесі құзыретіне жатпайтын мәмілелер бойынша. Барлығы 2017 жылы Басқарма Агенттіктің 8 ішкі құжатын бекітті, оның ішінде Ішкі еңбек тәртібінің ережесі, Кадрлық резерв туралы қағида, телеарналардың меншікті бағдарламалары өндірісіне қатысушылардың жұмыс көлемдерін анықтау және тарту ережелері, Қызметтік тұрғын орын жайлар туралы қағида, Қызметкерлерге лауазымдық ақы белгілеу тәртібі туралы нұсқаулық (жаңа редакцияда) және т.б.

Акционерлік қоғамдар туралы заңнамасының талаптарына сәйкес және Агенттіктің Жарғысымен Агенттік бойынша бұйрықпен Басқарма мүшелері арасында өкілеттіктер бөлінді.

2017 жылы ішінде Басқарма мүшелері арналардың сапалы және үздіксіз қызметін қамтамасыз ету арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты өткізу бойынша мемлекеттік тапсырысты орындауға ерекше назар аударды.

Басқарма мемлекеттік тапсырыс бойынша түпкілікті нәтижелерге жетіп, қойылған міндеттер 100% орындады.

2017 жылы ішінде Басқарма корпоративтік этика кодексінде бекітілген корпоративтік және іскери этика стандарттарын сақтады. 2017 жылда Корпоративтік этика кодексінің талаптарын Агенттік қызметкерлері бұзбады.

Басқарма сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптардың сақталуын да қамтамасыз етті, қызметкерлермен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын бұзу фактілері 2017 жылда болмады.

9. Сыйақы туралы ақпарат

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағаттар комитеті төрағасының 2012 жылғы 04 қыркүйектегі № 143 бұйрығымен бекітілген Агенттіктің Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларына сыйақыны және шығындарына өтемақы төлеу ережелеріне сәйкес, 2017 жылы Агенттікте тәуелсіз директорларға сыйақы беру жүйесі қолданылатын. Жоғарыда көрсетілген ережелерге сәйкес тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу ай сайынғы негізде ұлттық валютада жүргізілді, тәуелсіз директор Майкл Питерстен басқа, оған сыйақы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің төлеу күніне қарай бағамы бойынша еуроға төленді.

Агенттіктің басшылық етуші қызметкерлеріне сыйақы төлеу тәртібі Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Агенттіктегі басшылық қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу және сыйақы беру қағидасымен реттеледі. Бұл ретте, ережелерге сәйкес сыйақылар аудирленген қаржылық есептілік негізінде қаржылық-шаруашылық қызметтің нәтижелерін белгіленген тәртіпте бекіткеннен кейін қаржылық жылдың нәтижелері бойынша төленеді.

Агенттіктің басшылық қызметкерлеріне сыйақы төлеуге құқық беретін негізгі көрсеткіші есеп беру кезеңінде жұмыс нәтижелері, Агенттіктің қызметіне қосқан үлесі, ерекше жетістіктер болып табылады.

2016 жылда жұмыс істеу қорытындылары бойынша 2017 жылы Агенттіктің басшылық қызметкерлеріне Директорлар кеңесінің шешімі негізінде Басшылық қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу және сыйақы беру шарттары туралы қағидасымен белгіленген мөлшерде және тәртіпте сыйақы берілді. Сыйақының жиынтық мөлшері КРІ жетілген мәніне теңдес болды.

10. Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару

Ішкі аудит қызметі

Агенттіктің ішкі бақылау жүйесінің тұрақты мониторингін қамтамасыз ету және белгіленген ережелер мен процедуралар лайықтығын тәуелсіз бағалау, оларды сақтау, сондай ақ Агенттіктің Директорлар кеңесіне тәуелсіз және объективті ақпаратты беру үшін Агенттіктің құрылымында ішкі аудит қызметі (бұдан әрі –Қызмет) бар.

Қызметтің 2017 жылдағы қызметі Директорлар кеңесімен бекітілген Ішкі аудит қызметінің аудиторлық жоспарына сәйкес жүзеге асырылды.

2017 жыл ішінде Қызмет Агенттіктің негізгі қызметіне (телерадиобағдарламаларды/фильмдерді өндіру, сатып алу және тарату, телеарналарда жарнамалық өнімді өндіру және орналастыру бойынша), Агенттіктің басқа кіріс және шығыс операцияларына, оның ішінде: кассалық қызмет көрсету, іссапаралық шығындар, есеп беру операциялар, түгендеу тәртібін сақтау, негізгі құралдармен, материалдық емес активтермен және тауар-материалдық қорлармен операциялар (сатып алу, бухгалтерлік есепке алу, тозу, ағымдағы жөндеу жұмыстары, есептен шығару, сату және т.б.), арнайы техниканы жалдауға беру, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу бойынша басқа операциялар, персонал еңбегіне ақы төлеу, корпоративтік басқару жүйесін бағалау және т.б. операцияларына аудит өткізді.

Қызмет 2017 жылға арналған жұмыс жоспарымен көзделген барлық аудиторлық тапсырыстарды толық көлемде орындады. Әр аудит бойынша қорытындылар дайындалды, ұсынымдар берілді.

Қызмет тұрақты негізде Агенттікке және Директорлар кеңесіне тәуекелдер туралы және оларды азайту бойынша тиісті ұсынымдарды береді.

Тәуекелдерді басқару

Агенттіктің Даму стратегиясына сәйкес 2017 жылы тәуекелдерді басқару жүйесі жүзеге асырылды.

Тиімді кешенді жүйені құру және тәуекелдерді басқарудың ықпалдасқан процесін жүргізу мақсатында Агенттікте Тәуекелдерді басқару саясаты мен Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау ережелері әзірленді.

Жоғарыда көрсетілген құжаттардың негізінде іске асырылған және келешекте болатын оқиғалардың тәуекелдеріне сәйкестендіру жүргізіледі. Тәуекелдерді сәйкестендіру үшін әртүрлі әдістемелердің комбинациясы пайдаланады.

Қоғамда төмендегі тәуекелдердің жіктемесі қабылданды:

- 1) стратегиялық тәуекелдер;
- 2) қаржылық тәуекелдер;
- 3) операциялық тәуекелдер;
- 4) құқықтық тәуекелдер;
- 5) техникалық тәуекелдер;

б) абыройлық тәуекелдер.

2017 жылы тәуекелдер бойынша бекітілген ішкі құжаттарды ескере отырып, Агенттік Басқармасының шешімімен тәуекелдер тізілімі әзірленіп бекітілді және тәуекелдер картасы пысықталды. Анықталған 29 негізгі тәуекел бойынша оларды азайту жөніндегі нақты шаралар қабылданды.

11. Қорытынды

Жалпы, Агенттіктің қызметі 2017 жылы тұрақты болды, Агенттік алдында қойылған барлық мақсаттарға қол жетілді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2016 жылғы 15 қарашадағы № 247 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің ведомстволық қарасты ұйымдарының қызмет тиімділігін бағалау механизміне сәйкес 2017 жылғы нәтижелері бойынша Агенттіктің қызметі жоғары тиімді болып танылды.
